

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Торайғыров университеті» КЕАҚ докторанты Н.А. Кударованың дайындаған «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар ролі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, «Психология» кафедрасының философия (PhD) докторы А.А. Исаханованың

## ШКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Көшбасшылық қасиеттерді білім беру кеңістігінде іске асыру – студенттердің болашақта дербес, әлеуметтік және өзінің ұлттық болмысын жасампаздыққа, ұдайы білімпаздыққа ынталы болуына түрткі боларлық сапада қолданып, қарқындылықпен жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүруге мүмкіндік беру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек» деген болатын. Студенттердің келешек өмірлерінің толыққанды жолға бағдарлануы, олардың көшбасшылық қасиеттерін өздігінен өркендетуі. Аталып отырған зерттеу еңбегі студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің ұлттық құндылықтарды нысанаға алуына нұскалы мүмкіндік береді. Көшбасшылық қасиеттің ғылыми-теориялық негізіне қатысты әдіснамалық тұжырымдарды Назгуль Абильбековна Кударованың қарастырып отырған зерттеушілердің еңбектеріндегі ой-түйінділерді түзіліммен, кестемен, суретпен талдап – жіктеуі жұмыстың ерекшелігі деп түсінуге болады.

Ұлттық кодтың студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуіне қозғаушы күш ретінде зерделенуі бұл еңбектің басымдық мәнін көрсетеді. Ұсынылып отырған Кударова Назгуль Абильбековнаның «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар ролі» тақырыбындағы диссертациясының көкейкестілігі өткір екені даусыз.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**  
Зерттеу барысында ізденуші Кударова Назгуль Абильбековна төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

бірінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің жолдары ғылыми-теориялық негізі;

екінші ғылыми нәтиже – көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттелуі;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттары;

төртінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендетудің құрылымдық-функционалдық моделі;

бесінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұны;

алтыншы ғылыми нәтиже – студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы ұлттық кодтың атқарар амалдары мен жолдарының тиімділігі.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

Ізденушінің диссертациялық жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелерінің тәжірибелік және теориялық құндылықтарының маңыздылығы жоғары.

Н. Абильбековнаның диссертациялық жұмысында алынған әрбір нәтижесінің, тұжырымдамалары мен қорытандыларының негізделу және шынайылық дәрежесі зерттеу мәселесін шешу жолдарының теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттері бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін онтайлы пайдалануымен, зерттеу мәлеметтерін сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдік рейтингті журналдарда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы, шетелдік және отандық конференцияларда баяндалуы, талқылануы зерттеу нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі**

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында Н.А. Кударова төмендегідей жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

*Бірінші ғылыми нәтиже жаңа*, себебі рецензияланатын жұмыста қазіргі заманғы отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарына егжей-тегжейлі талдау, феноменін табу, басымдығын айқындау келтірілген, соның негізінде студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлінің мәні мен мазмұны ашылып, теориялық тұрғыдан негізделген.

*Екінші ғылыми нәтиже жаңа*, себебі, ізденуші зерттеу мәселелеріне қатысты әдіснамалық, педагогикалық, психологиялық, философиялық және қоғамдық-гуманитарлық әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде «көшбасшы», «көшбасшылық» ұғымдарының анықтамасы, олардың мәндік және мағыналық сипаттамасы берілген; студенттердің көшбасшылық қасиеттерін арттыру үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланған.

*Үшінші ғылыми нәтиже жаңа*, себебі, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттары

(«Көшбасшылық психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» атты блогы; студенттердің көшбасшылық қасиеттерін арттыру мақсатында, көпшілік алдында сөйлеу іс-шаралары; «Психология» оқу-құралы енгізілді, «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» атты төртінші тарауын, білім алушылар онлайн дәрістері; Павлодар облысының тарихи тұлғаларымен кездесулер ұйымдастыру және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

*Төртінші ғылыми нәтиже жаңа*, өйткені, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі;

*Бесінші ғылыми нәтиже жаңа*, жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны (салт-дәстүрлер; ұлттық мәдениет; кез-келген ұлттың негізін қалайтын ол – тіл; ұлттық рух; ұлттық сезім; ұлттық мінез; патриоттық сезім);

*Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа*, себебі, теориялық және эксперименттік зерттеу арқылы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы ұлттық кодтың атқарар амалдары мен жолдарының тиімділігі.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы**

Ізденушінің зерттеуіндегі алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелілігі айқын, сондай-ақ, зерттеу жұмысының бөлімдері дәйекті түрде бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындай түседі. Докторанттың ғылыми зерттеуінің бөлімдері өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырылып жазылған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған. Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып, статистикалық көрсеткіштермен тексерілген. Ізденуші Н.А. Кударованың тұжырымдамалары, ұсыныстары педагогика-психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан қомақты үлесі деп тұжырымдауға болады.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогиканың теориялық мәселелері мен оқыту әдістемесі үшін теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып саналады. Диссертациялық жұмыста бірінші рет жоғары оқу орнындағы ұлттық кодтың атқарар қызметінің педагогикалық шарттары қарастырылып, оның ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім берудің мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ұстаздар қауымы мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыруға және педагогика, психология мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының студенттері үшін пайдалануға болады.

**7. Диссертацияның негізгі кағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама**

Ізденушінің зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Павлодар, 2017; Польша, 2018; Беларусь, 2018; Павлодар, 2020) – 4 жарияланым; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ хабаршысы», педагогикалық сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Психология» сериясы; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршы журналының «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы) – 4 жарияланым; нәлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда ақпараттық базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Венесуэла, 2019); 1 оқу құралы; 1 электрондық оқу құралы ұсынылған.

**8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер**

Ізденушінің ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Студенттердің көшбасшылық қасиеттері қабілеттен, икем-дағдыдан айырмашылығы диссертацияда анық сараланбаған.

2. Онлайн әдістері көбірек қамтылғанда, диссертацияның маңыздылығы арта түсер еді.

3. Инновациялық технологияларының педагогикалық технологиялардан ерекшелігі жеткіліксіз қарастырылған.

4. «Дәстүрлі білім беру» ұғымы мен «білімденудің инновациялық технологиялары» ұғымының жіктемесі ұсынылса, нұр үстіне нұр болар еді.

5. Диссертацияның мәтінінде кейбір стилистикалық және орфографиялық қателіктер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген ескертпелер зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттердің шешімін толық таба білген.

**9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі**

Қорғауға ұсынылып отырған Н. Кударованың PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен қорғауға ұсынылады. Ал оның авторы,

Кударова Назгуль Абильбековна 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің,  
«Психология»  
кафедрасының философия (PhD)  
докторы, *А.А. Исаханова*

А.А. Исаханова

